



**АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ГЕОДЕЗИЯ, КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ
МАҚҰЛДАНДЫ
Педагогикалық кеңес
отырысында
№ ___ хаттама
« ___ » _____ 20 ___ ж.**

**БЕКІТЕМІН
«Геодезия, картография және
құрылыс жоғары колледжі»
КМҚК директоры
_____ К.М. Тулеуов
« ___ » _____ 20 ²⁴ ж.**



**“ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ”
ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СЕМЕЙ, 2024 ж

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» КМҚК Жастар ісі жөніндегі комитеті заңды тұлға құрылмайтын студенттік өзін-өзі басқарудың формасы болып табылады және студенттердің оқу үрдісін басқаруға, студенттік жастар өмірінің мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік ұстанымдарын қолдауға қатысуын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

1.2. «Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» КМҚК Жастар ісі жөніндегі комитеті күндізгі оқу формасындағы студенттердің жұмыс істеу мерзімі шектелмеген тұрақты түрде әрекет ететін өкілдік және реттеуші органы, студенттердің конференциясында қабылданатын Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ереженің негізінде әрекет етеді.

1.3. Жастар ісі жөніндегі комитет еріктілік, жариялылық және комитет мүшелерінің теңдігі принциптерінің негізінде жұмыс істейді.

1.4. Жастар ісі жөніндегі комитет өз жұмысында келесілерді басшылыққа алады:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР Заңдарын;
- ҚР заңүсті актілерін;
- Колледж Жарғысын;
- Ішкі тәртіп ережелерін;
- Колледж директорының бұйрықтарын;
- Колледждің тәрбие жұмысы жоспарларын;
- Жатақханада тұру ережелерін;
- Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ережені.

1.5. Әрбір студент осы Ережеге сәйкес Жастар ісі жөніндегі комитеттің кез келген деңгейіне сайлануға немесе сайлауға құқылы.

1.6. Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысы жоғары оқу орнының барлық студенттеріне бағытталады.

1.7. Жастар ісі жөніндегі комитеттің шешімдері ұсынушылық және кеңесшілдік сипатқа ие.

1.8. Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы колледждің Ғылыми кеңесінің құрамына кіреді.

2. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысының мақсаттары:

- Студенттердің колледжді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, оқитындардың әлеуметтік қорғалуына септігін тигізу;

- Студенттерде өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, оларды қоғам өміріне күзiреттiлiкпен және жауапкершiлiкпен қарауға дайындау;
- Студенттердiң азаматтық мәдениетiн, белсендi азаматтық позициясын қалыптастыру, олардың әлеуметтiк ер жетуiне, өзiндiкке, өзiн-өзi ұйымдастырып, дамытуға ықпал беру;
- Студенттердiң жеке және кәсiби сапаларын жүзеге асыруға жәрдемдесу.

2.2. Жастар iсi жөнiндегi комитеттiң мiндеттерi:

- студенттердiң олардың ғылыми және кәсiби қызығушылықтарын ескере отырып оқу үрдiсiнiң сапасын арттыруға қатысты ұсыныстарды жасауға қатысуға тарту; университеттiң басқару органдарына студенттердiң тұрмыстық және бос уақытын ұйымдастыруға қатысты әлеуметтiк бағдарламаларды жүзеге асыруға, салауатты өмiр салтын үгiттеуге жәрдем беру;
- студенттер құқықтары мен қызығушылықтарын таныстыру және қорғау;
- тұлғаның зияткерлiк, мәдени және адамгершiлiк жағынан дамуындағы қажеттiлiктерiн қанағаттандыру;
- колледждiң құрылымдық бөлiмшелерiне сабақтан тыс үрдiс аясында олармен өткiзiлетiн iс-шараларға көмектесу;
- студенттердiң бос уақытын ұйымдастыру, студенттiк активтiң жан-жақты дамуына септiгiн тигiзу;
- мәдени-бұқаралық және бос уақыттық iс-шараларды дайындау және өткiзу;
- студенттiк iс-шаралар мен сайыстардың дәстүрлерiн арттыру және сақтау;
- студенттердiң саналылығын арттыруға және олардың бiлiмге деген талаптарын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргiзу, мүлiктiк кешенге деген ұқыпты қатынасты, университеттiң рухы мен дәстүрлерiне деген сүйiспеншiлiк қатынасты тәрбиелеу;
- құқықтық мәдениетiнiң деңгейiн арттыру, спорттық және ерiктiк қабiлеттердi ашу және дамыту;
- студенттердi колледж жұмыстары жөнiнде ақпараттандыру;
- қоғамдық маңызы бар жастар ұстанымдарын жүзеге асыруға септiгiн тигiзу.

3. ЖАСТАР IСI ЖӨНIНДЕГI КОМИТЕТТIҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ РЕТI

3.1. Колледждiң Жастар iсi жөнiндегi комитетiнiң жалпы жұмысын төраға жүзеге асырады.

3.2. Жастар iсi жөнiндегi комитеттiң құрылымы:

- Колледжiшiлiк Жастар iсi жөнiндегi комитетi;
- Жатақхананың Жастар iсi жөнiндегi комитетi.

3.3. Жастар ісі жөніндегі комитет колледж Комитетінің төрағасынан, жатақханалар Комитеттерінің төрағалары мен оқу топтарының белсенділерінен тұрады.

3.4. Жатақхананың Жастар ісі жөніндегі комитеті жатақхана Комитетінің төрағасынан, жатақхана қабаттары басшыларынан және жатақханада тұратын белсенді студенттерден тұрады.

3.5. Колледж, жатақханалардың Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің құрамынан шығару сәйкес Жастар ісі жөніндегі комитет өкілдерінің жиналысы шешімі бойынша жүктелген міндеттердің дұрыс орындалмағаны үшін жүзеге асырылады.

3.6. Жастар ісі жөніндегі комитет осы Ереженің негізінде әрекет ететін және университеттің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасына бағынатын секторлардың құрамын қалыптастырып, бекітеді:

- оқу секторы (студенттік деканат) оқу үрдісін зерттеу және сараптаумен (сабаққа келу, үлгерім және тәртіп), студенттер мен оқытушылар арасындағы жанжалдық жағдайларды шешумен, тренингтер, оқу үрдісінің өзекті мәселелері туралы семинарлар ұйымдастырумен, сөзталастар өткізумен айналысады;
- ғылыми-зерттеу секторы университет магистрлері мен студенттерінің ғылыми-зерттеушілік потенциалын ашуға, зерттеушілік жұмысты популяризациялауға, бәсекелестік жағдайында заманауи ғылым жетістіктерін өздерінің практикалық жұмысында шығармашыл түрде тиімді пайдалана білетін мамандарды дайындаудың сапасын арттыруға, ғылыми зерттеу әдіснамасын практикалық меңгеру мен ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудың дағдыларын дамытуға септігін тигізеді;
- спорттық-сауықтыру секторы спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға, спорт пен салауатты өмір салтын үгіттеуге жауап береді, спортшылардың факультеттік, жатақханалық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысуына септігін тигізеді;
- мәдени-бұқаралық сектор колледжде, жатақханаларда өтетін іс-шараларды ұйымдастырады, студенттер арасында өзін-өзі басқаруды бақылайды;
- волонтерлік сектор студенттерге колледжде жүзеге асырылатын әр түрлі халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық бағдарламалар мен жобалар жөнінде хабарлаумен айналысады; колледжде өтетін іс-шаралар туралы ақпарат жинайды, студенттерге Жастар ісі жөніндегі комитет өткізетін акциялар туралы хабарлайды;
- еңбек секторы гигиеналық нормаларды сақтау, оқу корпустарының, жатақханалардың, колледж аумағының эстетикалық мазмұны мен тазалығын қолдау, көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді;

- креатив секторы жарнамамен, бейнероликтерді, фотосуреттерді дайындаумен, студенттік ұстанымдар мен жобаларды дайындап жүзеге асырумен айналысады.

3.8. Секторлардың саны мен атаулары өзгертілуі мүмкін.

4. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

4.1. Жастар ісі жөніндегі комитет құқылы:

- колледж студенттерінің қызығушылықтарына қатысы бар нормативтік актілерді дайындауға және жетілдіруге қатысуға;
- оқу үрдісінің сапасын бағалауға қатысуға, студенттердің ғылыми және кәсіби қызығушылықтарын ескере отырып оны оңтайландыру туралы колледждің басқару органдарына ұсыныстар жасауға;
- студенттердің қызығушылықтарына қатысы бар әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге ұсыныстар жасауға;
- студенттердің бостандығы мен құқықтарын қорғауға;
- студенттердің колледждің ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін, т.б. бұзғаны туралы мәселелерді қарастыруға қатысуға, сондай-ақ университеттің басқару органдарына бұзуға кінәлі тұлғаларға қатысты тәртіптік әрекет ету туралы шараларды қолдануға байланысты ұсыныстар жасауға; – колледждің басқару органдарымен бірге студенттердің арыздары мен өтініштерін қарастыруға қатысуға;
- колледждің қоғамдық өмірі мен Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысына белсене ат салысатын, оқу, ғылыми және сабақтан тыс жұмыстарға қатысқаны үшін, жетістіктері үшін студенттерді марапаттау жүйесін жасауға және жүзеге асыруға қатысуға;

4.2. Жастар ісі жөніндегі комитет міндетті:

- колледж директоры жүктеген міндеттерді, жарғылары мен бұйрықтарын орындауға; студенттердің саналылығын арттыруға және олардың білімге деген талаптарын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу, мүліктік кешенге деген ұқыпты қатынасты, колледж рухы мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік қатынасты тәрбиелеу;
- колледж Жарғысының талаптарын, ішкі тәртіп ережелері мен жатақханада тұру ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізуге;
- колледждің басқару органдарына оқу үрдісін ұйымдастыру мәселелерін шешуде жәрдемдесуге;
- Жастар ісі жөніндегі комитетке келіп түсетін студенттердің барлық арызталаптарын уақытылы түрде белгіленген тәртіп бойынша қарастыруға;
- Комитеттің оқу жылына арналған Ережесі мен жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуге;
- студенттердің әлеуметтік маңызы бар ұсыныстарын қолдауға;

- студенттердің оқуы мен демалысы үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жасауға жәрдемдесуге;
- заң аясында студенттердің қызығушылықтарын колледждің басқару органдары, мемлекеттік органдары, қоғамдық бірлестіктері, басқа да ұйымдар мен ұжымдар алдында таныстыруға және қорғауға;
- сәйкес деңгейдегі колледждің басқару органдарына өз жұмысы жөнінде хабарлауға;
- Студенттік активтің жалпы жиналыстарын айына 2 рет, және де қажеттілік деңгейі бойынша өткізіп отыруға.

5. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ УӘКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН УӘКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

5.1. Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы осы Ережеге сәйкес:

- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастырады, Жастар ісі жөніндегі комитет жиналысын шақырады, комитет мүшелері мен шақырылғандарға өткізілу орны мен уақыты, жиналыс күн тәртібіндегі жоба туралы хабар береді;
- қарастыруға шығарылатын мәселелерді, Жастар ісі жөніндегі комитеттің жиналыстары мен конференцияларын дайындауға басшылық жүргізеді;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің хаттамаларына (Жастар ісі жөніндегі комитеттің хатшысымен бірге), және басқа да құжаттамаларға қол қояды;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өкімдер шығарады;
- Төрағаның орынбасарын, Комитеттің хатшысын лауазымдарға ұсынады, олардың жұмысын басқарады;
- Жастар ісі жөніндегі комитет мүшелерінің жұмысын реттейді, оларға өз уәкілеттіліктерін жүзеге асыруға көмек береді, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- Жастар ісі жөніндегі комитет секторларының жұмысын реттейді;
- Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысы туралы қоғамдық көзқарастарды ескеру мен жариялылықты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізеді.

5.2. Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының уәкілеттілігі келесі жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- өз уәкілеттіліктеріне өз еркімен бас тартса;
- академиялық демалыс, оқудың аяқталуы және сырттай оқу формасына ауысуына байланысты комитет мүшелерімен шақырылса;
- комитет жиналысының отырысынан екі апта бұрын Комитеттің үштен бір бөлігі қатысып отырған Жастар ісі жөніндегі комитет тобының отырысында жазбаша өтініш бойынша;

6. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ.

6.1. «Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы екі орынбасар қабылдай алады. Орынбасарлар төраға тапсырмаларын, Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының кейбір қызметтерін орындайды. Орынбасарлар комитетке есеп береді және Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының оперативті басшылығына бағынады. Төраға болмаған жағдайда немесе өз міндеттерін орындауға жағдайы келмесе Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы өз міндеттерін орынбасарларының біріне жүктеуге құқылы. Комитет төрағасының міндеттерін атқару кезінде орынбасар екінші орынбасарды, немесе жауапты хатшыны, сондайақ Жастар ісі жөніндегі секторлар төрағаларын лауазымынан алып тастауға құқықтары жоқ.

7. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1. Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысын қамтамасыз ету үшін колледждің басқару органдары комитетке қайтарымсыз қолдануға ғимарат, байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдар мен құрылғыларды береді.

8. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫН БАҚЫЛАУ

8.1. Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын бақылауды директордың ТІЖ орынбасары жүзеге асырады.

8.2. ТІЖ жөніндегі орынбасары кез келген уақытта Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысын тексере алады және Комитет жұмысына қатысты барлық құжаттамаларға қол жеткізе алады.

8.3. ТІЖ жөніндегі орынбасары мен Комитет төрағасының талабы бойынша комитет мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелерді беруге міндетті.

9. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

9.1. Комитет мүшелеріне Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ережені сақтамағаны үшін қоғамдық әрекет ету шаралары қолданылады.

10. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰЖАТТАМАЛАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ

10.1. Жастар ісі жөніндегі комитет келесі құжаттамалардың сақталымын қамтамасыз етуі керек:

- Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ереже, оған толықтырулар мен өзгертулер;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің ішкі құжаттары;
- Колледждің, жатақхананың Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің тізімі мен құрамы;
- Осы Ережеге сәйкес әрекет ететін секторлардың тізімі мен құрамы;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын белгілейтін бұйрықтар, өкімдер және басқа құжаттар;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жылдық жұмыс жоспарлары;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысы туралы есептер мен деректер;
- Іс-шаралардың сценарийлері;
- Ұйымдармен хат алысу құжаттар;
- Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын көрсететін құжаттар.

10.2. Колледждің, жатақхананың Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің төрағасы Жастар ісі жөніндегі комитеттің құжаттамаларын сақтауға жауапты тұлға мен құжаттаманың сақталу орнын анықтайды.

11. ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

11.1. Колледж директоры кез келген уақытта Жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын тоқтата алады немесе қайта ұйымдастыра алады.

12. ҚОРЫТЫНДЫ

12.1. Жастар ісі жөніндегі комитет туралы Ереже оған қол қойылған сәттен бастап әрекет етеді.